

## **ПАЙДАЛАНУШЫ КЕЛІСІМІ**

Осы Пайдаланушы келісімі (бұдан әрі – «Келісім») «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің БСН 110840015752 (бұдан әрі – Мекеме) ақпараттық жүйелерін пайдалану қағидаларын, белгілейді және Мекеме мен АЖ қолданатын тұлға (бұдан әрі – «Пайдаланушы») арасындағы келісімді білдіреді.

### **1. Жалпы ережелер**

1.1. АЖ қолдану Пайдаланушының осы Келісімнің барлық шарттарымен толық келісін білдіреді.

1.2. Осы Келісімді Мекеме кез келген уақытта, қандай да бір арнайы хабарламасыз толықтай немесе ішінара өзгерте алады. Келісімнің жаңа редакциясы АЖ-да жарияланған сәттен бастап күшіне енеді. Осы Келісімге енгізілетін өзгерістерді Пайдаланушы өз бетінше қадағалауға міндетті.

### **2. Пайдаланушының жеке деректері**

2.1. Осы Келісімді жасаса отырып және осы Келісімнің қосымшасына сәйкес дербес деректерді ұсына келіп, Пайдаланушы Мекеменің жеке деректерді жинауға және өңдеуге (жүйелеуді, жинақтауды, сақтауды (оның ішінде шағым берілген жағдайда), нақтылауға (жаңартуға, өзгертуге), пайдалануға (оның ішінде пайдаланушылармен жеке қарым-қатынас жасау мақсаттары үшін, мекеменің жарнамалық және/немесе маркетингтік материалдарын тарату, іс-шараларға, конференцияларға, көрмелерге шақыруларды және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де мақсаттарды тарату), берілген жеке деректерді таратуға (оның ішінде үшінші тұлғаларға беру және трансшекаралық беру), иесіздендіруге, бұғаттауға және жоюға, орналастыруға/көрсетуге келісе алады.

### **3. Пайдаланушының құқықтары мен міндеттері**

3.1. Пайдаланушы АЖ-да тіркелу кезінде Мекемеге нақты, толық және сенімді ақпарат беруге міндетті.

3.2. Пайдаланушы Мекеменің және үшінші тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін бұзуы мүмкін ақпараттар мен материалдарды (оларға сілтемелерді қоса алғанда) АЖ-ға орналастырмауға міндеттенеді.

3.3. Пайдаланушы осы Келісімге және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес АЖ-ды қолдануға құқылы.

### **4. Мекеменің құқықтары мен міндеттері**

4.1. Мекеме қажет болған жағдайда Пайдаланушының енгізілген деректерінің дұрыстығын тексеруге құқылы.

4.2. Осы Келісімнің талаптары және/немесе Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары бірнеше рет немесе өрескел бұзылған жағдайда, Мекеме Пайдаланушының АЖ-ды пайдалануын тоқтата тұру, шектеу (тоқтату) құқығын өзіне қалдырады.

### **5. Тараптардың жауапкершілігі**

5.1. Пайдаланушы АЖ-да тіркелу кезінде ұсынылатын деректердің дұрыстығына толық жауапты болады.

5.2. Пайдаланушы АЖ-ды қолдану кезінде Пайдаланушының әрекеттерінен/әрекетсіздігінен туындаған дәлелденген залалды (материалдық залалды) Мекемеге өтеуге міндеттенеді.

5.3. Мекеме (а) еңсерілмейтін күш мән-жайларының іс-әрекеттерін; (б) нормативтік құқықтық актілердің өзгерістерін/күшін жоюды; (в) мемлекеттік органдар мен үшінші тұлғалардың іс-әрекеттерін; (г) байланыс операторлары ұсынатын қызметтер сапасының нашарлауын қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, (д) Мекемеге қатысты емес басқа себептер бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапты болмайды.

## **6. Қорытынды ережелер**

6.1. Осы Келісіммен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

6.2. Келісім бойынша немесе оған байланысты барлық даулар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Мекеменің орналасқан жері бойынша сотта қаралуға тиіс.

6.3. Пайдаланушы Келісімнің ережелерін бұзған жағдайда Мекеме тарапынан жасалған әрекетсіздік оны кейінірек өз мүдделерін қорғау үшін тиісті іс-әрекеттер жасау құқығынан айырмайды.

6.4. АЖ қолдану бойынша барлық өтініштер, ұсыныстар мен сұрақтар [e-mail support@cpm.kz](mailto:support@cpm.kz) электрондық адресіне немесе +7 7172 23 57 50 телефон нөмірі бойынша хабарлануы тиіс.

## **Пайдаланушы келісіміне қосымша**

### **АЖ пайдаланушылардың жеке деректерін жинауға және өңдеуге келісімі**

Осымен Мен, АЖ пайдаланушысы ретінде «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесіне БСН 110840015752 (бұдан әрі – Мекеме) менің жеке деректерімді жинауға және өңдеуге келісім беремін.

Осы Келісім жеке деректерді жинау және өңдеу мақсатына қол жеткізу үшін қажетті мерзім ішінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзім ішінде қолданылады.

Жеке деректерді жинау және өңдеу мақсаттары; жиналатын деректердің тізбесі; Мекеменің жеке деректерді үшінші тұлғаларға беру мүмкіндігі туралы мәліметтер; жеке деректерді өңдеу процесінде олардың трансшекаралық берілуінің болуы туралы мәліметтер және жеке деректерді жинауға және өңдеуге байланысты мекеме белгілейтін өзге де мәліметтер **Мекеменің Құпиялық саясатына** және Пайдаланушы келісіміне сәйкес регламенттеледі.

Жеке деректерді жалпыға қолжетімді ақпарат көздерінде тарату көзделмейді.

Мен шарттарды оқыдым және жеке деректерді жинауға және өңдеуге, сондай-ақ **Құпиялық саясатында және Пайдаланушы келісімінде** көрсетілген өзге де әрекеттерді жүзеге асыруға келісемін.